Бекітемін:
ЖШС «Бақжан»
бөбекжай-бақшасының меңгерушісі:
________Туримбетова Г.К.

# «Балдәурен» ортаңғы тобының перспективалық жоспары 2024-2025 оқу жылы

**Тәрбиеші: Хакимжанова Д.**

# МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ ЖОСПАРЫ ЖӘНЕ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ 2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ

**Білім беру ұйымы:** ЖШС "Бақжан" бөбекжай-бақшасы
**Тобы:** Балдәурен ортаңғы тобы
**Балалардың жасы**: 3 жастағы балалар
**Жоспардың құрылу кезеңі:** қыркүйек айы, 2024-2025 оқу жылы

| **Қ/с** | **Ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Ұйымдастырылған іс-әрекеттіңміндеттері** |
|---|---|---|
| | ***Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы*** | |
| 1. | **Физикалық қасиеттерді дамыту**<br><br>Дене шынықтыру | Жалпыдамытушыжаттығулар.<br>Көзбен бағдарлай отырып, ауызша нұсқаулармен ойын түріндегі жаттығуларды (жануарлардың қозғалысына еліктеу) педагогпен бірге орындауға үйрету.<br>Жүру. Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы еркін жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру: сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі, тізені жоғары көтеріп жүру, аралықты сақтай отырып, бағытты өзгертіп қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіру, шеңбер бойлап, қол ұстасып, арқаннан ұстап, тоқтай қалып, жүрелеп, бұрылып, "жыланша", заттарды айналып өтіп, төбешікке шығып және төбешіктен түсіп саппен жүру;<br>Шынықтыру шараларын жүргізу. Тыныс алу жаттығуларын жүргізу.<br>Жануарлардың қимылдарына еліктеп, дене жаттығуларын орындау;<br>**«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»**<br>-**«Күш сынаспақ»**Қазақтың әдет-ғұрпымен таныстыру. Дәстүрлік таным түйсігін дамыту..<br>- **“Ақ серек көк серек”**Балаларды «ақ серек, көк серек» ойынымен таныстыру. Ойын ойнатып, қимыл-қозғалыстарын, дене бітімін қалыптастыру. Ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>- **«Арқан тарту» ойыны.**Балалардыұйымшылдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>«Жарысқа шық, жанұя»(ата-аналардың арасында |

| | | |
|---|---|---|
| | | -**«Орамал тастамақ» ойыны .** Балалардыңсезінуқабілеттерін, байқампаздығын дамыту.<br>**Еңбегі адал жас өрен,** өзіне өзі қызмет көрсету. |
| 2 | **Коммуникативтік дағдыларды дамыту**<br>Сөйлеуді дамыту | Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету.<br>Кітаптардағы суреттерді өз бетінше, басқа балалармен бірге қарастырады;<br>Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану, ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беру. |
| 3 | Көркем әдебиет | **«Балалар кітапханасы»-жобасы** :Кітаптарғақызығушылықтыояту.<br>Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың пікірлерін тыңдау.<br>Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау. |
| 4 | Қазақ тілі | «**Балабақша - жайлы мекен» «Тілім менің тірегім**» «Балаларды ңересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызек ісөйлесуге, бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақтарға жауап беруге, өзбетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге, сәлемдесуде, өтінішін, ырзашылығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға, құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу.<br>Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру. |
| 5 | **Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту**<br>Математика негіздері | "бір", "көп" ұғымдарын ажыратады; Жаңаны тануға ұмтылады, заттарды қызығып, қуанып зерттейді. "Көп", "бір" ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру, заттардың санын ажыратуға үйрету: көп-біреу (біреу-көп), біртекті заттарды топтастыру және олардың біреуін бөліп көрсету |

| | | |
|---|---|---|
| | | , қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу, "қанша? неше?" сұрағына жауап беру.<br>Балаларды геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру. |
| 6 | **Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту;**<br>Сурет салу | Сурет салу техникасының бастапқы дағдыларына ие;<br>Негізгі түстерді дұрыс атайды<br>сызықтарды, штрихтарды, дақтарды, бояуларды ретімен қолдана біледі; |
| 7 | Мүсіндеу | Заттардымүсіндеугеқызығады;<br>Сазбалшықтың және ермексаздың қасиеттерін біледі<br>мүсіндейтін затты зерттейді;<br>Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу (ыдыстар, ойыншықтар). |
| 8 | Жапсыру | Қазақ халқының ұлттықыдыс-аяқтарымен, тұрмыстық заттарымен таныстыру. Ұнаған дайын заттардың пішіндерін қ азақ оюларының қарапайым элементтерімен безендіру. Заттардың пішіні мен олардың түсітуралы білімді бекіту.<br>Желімдеутехникасыныңбастапқыдағдыларынигерген;<br>Бейнеленетінзаттарғасәйкестүрлі-түстіқағаздардандайынпішіндердітаңдайалады; |
| 9 | Құрастыру | Құрастыруды қызығушылықпен орындайды;<br>Құрастырылатын құрылыстықарапайымсызбаларға, суреттегіүлгісінеқарап, зерттейді;<br>Құрылыс бөліктерін ажыратады және атайды;<br>Әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстар тұрғызады. |
| 10 | Музыка | **«Күй күмбірі»**,**Музыка тыңдау.**<br>Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу.Музыкалық жанрлар ән, би, маршпен таныстыру.Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға,музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманы неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету.<br>**Ән айту:**<br>Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету; ре (ми) –ля (си) диапазонында ,барлығымен бірге әнді тазаайту, сөздерін анық айту.<br>**Музыкалық ырғақтық қимылдар:** |

| | | |
|---|---|---|
| | | Музыкамен жүрумен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен жүру және шашырап жүруге үйрету.<br>**Музыкалық аспаптар:**<br>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.Сылдырмақ, металафон, қоңырау,барабан олардың дыбысталуымен таныстыру<br>**Әуенді ырғақты қимылды ойын:** |
| 11 | **Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру**<br><br>Қоршаған ортамен таныстыру | Қазақ халқының дәстүрлі киіз үйін біледі;<br>Балабақша және балабақша қызметкерлері туралы түсінігі бар;<br>Отбасы мүшелері мен өзіне жақын адамдардың есімдерін атайды;<br>Ау-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың қысқы, көктемгі, жазғы және күзгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу.<br>Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту<br>Жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру. |

**Әдіскер:** Туримбетова Г.К.

**МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ ЖОСПАРЫ ЖӘНЕ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ 2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**

**Білім беру ұйымы:** ЖШС "Бақжан" бөбекжай-бақшасы
**Тобы:** Балдәурен ортаңғы тобы
**Балалардың жасы:** 3 жастағы балалар
**Жоспардың құрылу кезеңі:** қазан айы, 2024-2025 оқу жылы

| Қ/с | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттіңміндеттері |
|---|---|---|
| | | **Тәуелсіздік және отаншылдық айы** |
| 1. | **Физикалық қасиеттерді дамыту**<br>Дене шынықтыру | Негізгі қимылдар:<br>Жүгіру. Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, сапта бір-бірден, алаңның бір жағынан екінші жағына, әр түрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру; белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы: тоқтап жүгіру, белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіру; қарқынды өзгертіп, жылдам (10-20 метрге дейін), тоқтамай баяу қарқынмен (50-60 секунд ішінде) жүгіру.<br>Ырғақтық жаттығулар. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау.<br>Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.<br>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.<br>Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.<br>Сауықтыру-шынықтыру шаралары.<br>Балаларды үй-жайда жеңіл киіммен жүруге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада |

| | | |
|---|---|---|
| | | болу ұзақтығын қамтамасыз ету.<br>Серуенде қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру. |
| 2 | **Коммуникативтік дағдыларды дамыту**<br>Сөйлеуді дамыту | Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету.<br>Кітаптардағы суреттерді өз бетінше, басқа балалармен бірге қарастырады;<br>Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану, ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беру. |
| 3 | Көркем әдебиет | **«Балалар кітапханасы»-жобасы** :Кітаптарғақызығушылықтыояту.<br>Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың пікірлерін тыңдау.<br>Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау. |
| 4 | Қазақ тілі | **Сөздік қор.**<br>Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді ("бөпе", "аға", "апа", "іні", "қарындас"), тұрмыстық заттардың, жемістердің, жануарлардың, төрт түліктің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы**.<br>Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануға үйрету. Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар, кел, айт)<br>**Көркем әдебиет**<br>Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту, балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру, алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу. |

| | | |
|---|---|---|
| 5 | **Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту**<br><br>Математика негіздері | **«Еңбегі адал жас өрен» жобасы**<br>«Жас метеоролог» экологиялық бағытта<br>**Сан.**<br>"Көп", "бір" ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру, заттардың санын ажыратуға үйрету: көп-біреу (біреу-көп), біртекті заттарды топтастыру және олардың біреуін бөліп көрсету, қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу, "қанша? неше?" сұрағына жауап беру.<br><br>**Шама**.<br>Екі затты өлшемі бойынша (ұзын-қысқа, биік-аласа, артық-кем) салыстыру.<br>**Геометриялық фигуралар.**<br>Балаларды геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру.<br>**Кеңістікті бағдарлау.**<br>Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: үстінде-астында, алдында-артында, оң-сол. |
| 6 | **Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту;**<br><br>Сурет салу | Сурет салу техникасының бастапқы дағдыларына ие;<br>Негізгі түстерді дұрыс атайды<br>сызықтарды, штрихтарды, дақтарды, бояуларды ретімен қолдана біледі; |
| 7 | Мүсіндеу | Заттарды мүсіндеуге қызығады;<br>Сазбалшықтың және ермексаздың қасиеттерін біледі<br>мүсіндейтін затты зерттейді;<br>Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу (ыдыстар, ойыншықтар). |
| 8 | Жапсыру | Қазақ халқының ұлттық ыдыс-аяқтарымен, тұрмыстық заттарымен таныстыру. Ұнаған дайын заттардың пішіндерін қазақ оюларының қарапайым элементтерімен безендіру. Заттардың пішіні мен олардың түсітуралы білімді бекіту.<br>Желімдеу техникасының бастапқы дағдыларын игерген;<br>Бейнеленетін заттарға сәйкес түрлі-түсті қағаздардан дайын пішіндерді таңдай алады; |
| 9 | Құрастыру | Құрастыруды  қызығушылықпен орындайды;<br>Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап, зерттейді; |

| | | |
|---|---|---|
| | | Құрылыс бөліктерін ажыратады және атайды;<br>Әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстар тұрғызады; |
| 10 | Музыка | **Музыка тыңдау:**<br>Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, металафон, асатаяқ) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру. Түрлі сипаттаға әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру.<br>**Ән айту:**<br>Аспаптың сүймелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау.<br>**Музыкалық ырғақтық қимылдар:**<br>Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау.<br>**Музыкалық аспаптар:**<br>Балаларға арналған музыкалық аспаптарда металафонда ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгетру. |
| 11 | **Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру**<br>Қоршаған ортамен таныстыру | **Менің Отаным – Қазақстан.**<br>Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту<br>Туған өлкенің кейбір өсімдіктері, кейбір көгөністер мен жемістердің туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру.<br>Балалар тұратын қала мен ауыл, еліміздің астанасы, Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы білімдерін қалыптастыру<br><br>Ау-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың қысқы, көктемгі, жазғы және күзгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілейді |

**Әдіскер:** Туримбетова Г.К.

**МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ ЖОСПАРЫ ЖӘНЕ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ 2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**

**Білім беру ұйымы:** ЖШС "Бақжан" бөбекжай-бақшасы
**Тобы:** Балдәурен ортаңғы тобы
**Балалардың жасы:** 3 жастағы балалар
**Жоспардың құрылу кезеңі:** қараша айы, 2024-2025 оқу жылы

| Қ\с | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Құндылық – Әділдік және жауапкершілік | | |
| 1 | **Физикалық қасиеттерді дамыту**<br>Дене шынықтыру | Негізгі қимылдар:<br>Домалату, лақтыру, қағып алу. Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа лақтыру (2,5-5 м қашықтық), төменнен екі қолмен көлденең нысанаға, оң және сол қолмен (1,5–2 метр қашықтықтан) допты кеуде тұсынан лақтыру.<br>Жалпы дамытушы жаттығулар<br>Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар:<br>қолды жоғары, алға, жан-жаққа көтеру және түсіру (бірге немесе кезекпен);<br>заттарды бір қолынан екінші қолына салу, алдына, артқа апару, басынан жоғары көтеру;<br>қолдарын алдына немесе басынан жоғары, артқа апарып шапалақтау;<br>қолды алға, жан-жаққа созу, алақандарын жоғары қарату, қолды көтеру, түсіру, саусақтарды қозғалту, қол саусақтарын жұму және ашу.<br>Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.<br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.<br>**«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»**<br>**-«Шертпек ойыны» .** Ойынның негізгі мақсаты бүлдіршіндерге асық ойынның пайдасын ойын арқылы меңгерту.<br>**Асық ату-** Асық құрылымымен таныстыру Бүлдіршіндерді мергендікке ,ептілікке, дәлдікке баулу. |

| | | |
|---|---|---|
| | | –**«Бес асық» ойыны.** Шығу тарихы балдарға қарапайым мән мағынасын түсіндіру, ойынға барынша қызықтыру.<br>–**«Бес асық» ойыны.** Бүлдіршіндерді мергендікке ,ептілікке, дәлдікке баулу. |
| 2 | **Коммуникативтік дағдыларды дамыту**<br>Сөйлеуді дамыту | **«Өнегелі 15 минут»** ересектердің сөзін тыңдайды және түсінеді, өз ойын айтады; бір-бірімен, ересектермен сөйлеседі; естігені, көргені, өзі қолдан жасаған заттары туралы айтады; кітаптардағы суреттерді өз бетінше, басқа балалармен бірге қарастырады; көрген суреттері бойынша өз ойын айтады; әдеби шығармалардың мазмұнын тыңдайды және түсінеді; әдеби шығарма кейіпкерлерінің дауыс ырғағы мен мәнерлігін оларға еліктеп, жеткізеді; Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**<br>сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту.<br>**Сөздік қор.**<br>ойындар мен ойын жаттығулары арқылы сөздік қорды кеңейту<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы:**<br>зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану;<br>**Байланыстырып сөйлеу:**<br>шағын тақпақтар мен өлеңдерді жаттау; |
| 3 | Көркем әдебиет | **«Ұшқыр ой алаңы» жобасы**<br>Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың пікірлерін тыңдау. Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу<br>Кітаптарға қызығушылықты ояту.<br>Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу.<br>Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету. |
| 4 | Қазақ тілі | **«Апта дәйексөздері»** аптаның дәйексөздері. «Әділдік пен жауапкершілік - біртұтас ұғым!» Әділдік бар жерде, татулық та бар. Татулық бар жерде, бақытта бар. Бақыт бар жерде, керемет өмір бар.<br>**Тілдік дамытушы орта.**<br>Күнделікті еркін ойында балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды,естуді дамыту<br>**Сөздік қор.**<br>Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру, ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақтарға жауап беруге, өз бетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге, сәлемдесуде, өтінішін, ырзашылығын білдіруде |

| | | |
|---|---|---|
| | | сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға, құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату |
| 5 | **Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту**<br>Математика негіздері | Сан - «көп», «бір» ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру;<br>**Шама**<br>-қарама — қарсы өлшемдегі заттармен таныстыру және олардың айырмашылықтарын айта білу (үлкен үй — кіші үй, үлкен доптар-кіші доптар және т.б.);<br>**Геометриялық пішіндер**.<br>- геометриялық пішіндер: дөңгелек, шаршы, үшбұрышты тану және атау; |
| 6 | **Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту**<br>Сурет салу | түстерді тану және атау: қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ;<br>Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай, дұрыс ұстауды үйрету. Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынған артық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызып жіберіп бояуды, бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түске салмас бұрын жақсылап суға шайып алып қолдануды, жуылған қылқаламды жұмсақ матамен немесе қағаз майлықпен сүртіп кептіруді үйрету. |
| 7 | Мүсіндеу | Бірнеше бөліктен тұратын қарапайым заттарды, жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. Сазбалшықтан, ермексаздан мүсіндеуге қызығушылық тудыру..<br>Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру. |
| 8 | Жапсыру | Бейнеленетін заттарға сәйкес түстерді таңдау.<br>Заттардың пішіні мен олардың түсі туралы білімді бекіту. Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу. |
| 9 | Құрастыру | **«Smart bala» жобасы**<br>Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын-ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындау, өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып, дайын болған құрылыспен бірге ойнату. Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін қолдану, ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан, үлгі бойынша, ойдан құрастыру. Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу. |
| 10 | Музыка | **Музыка тыңдау:**<br>Музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету.<br>Ән айту:<br>Әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту).<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br>Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдар орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау.<br><br>Музыкалық аспаптар: |

| | | |
|---|---|---|
| | | Балалар музыкалық аспаптары  металафон, сылдырмақ, қоңырау  аспаптардың дыбысталуы мен таныстыру.<br>**№ 7  картотека**<br>**Әуенді ырғақты қимылды ойын:**<br>**«Жел мен жапырақ»**<br>**Мақсаты:** Көңілді әуенге  еліктеу дағдысын қалыптастыру.<br>**№ 8  картотека**<br>**Музыкалық дидактикалық  ойын:**<br>**«Бұл қай кезде болады?»**<br>**Мақсаты:** Жыл мезгілдері туралы ән, әуендерді тыңдап, ерекшіліктерін сипаттай білуге баулу.<br>**№ 9  картотека**<br>**Музыкалық дидактикалық  ойын: а,ә.**<br>**«Музыкалық аспаптар дүкені аспап»**<br>**Мақсаты:** Балаларға арналған музыкалық аспаптардың (металафон, сылдырмақ, қоңырау)  ойнау арқылы дауыс тембрін ажыратуға үйрету. |
| 11 | **Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру**<br>Қоршаған ортамен таныстыру | Болашақта табысты болуы үшін білімнің қажеттігін түсінуіне, болашақта мектепте оқуға ынтасын арттыру<br>***еңбегі адал жас өрен****: үй жануарлары мен үй өсімдіктеріне күтім жасау*<br>**Қауіпсіздік ережесі** (саңырауқұлақтар мен жидектерді жемеу, жануарларға тиіспеу, қоқыс қалдырмау, қоқысты жинау, бұтақтарды сындырмау), топта (терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау), серуенде (отпен ойнамау, жолға шықпау) ойын алаңында және құммен, сумен, қармен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, құмды шашпау, ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау).<br>**Заттық әлем:**<br>Қазақ халықының тұрмыс заттарымен таныстыру. Заттар, ойыншықтар, кітаптар және ыдыстарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. Әртүрлі заттардың атауларын сөйлегенде белсенді қолдану, заттардың атқаратын қызметтерін түсіну, заттардың тобын білдіретін түсініктерді меңгеру.<br>**Еңбекке баулу**<br>Таныс мамандық иелеріне құрметпен қарау, олардың еңбек нәтижелеріне қамқорлық таныту. Балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойын әрекетіне ынталандыру. Мүмкіндіктеріне қарай күтушіге, аула сыпырушыға көмек көрсетуді ұйымдастыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау.<br>**Жануарлар әлемі.**<br>Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту. Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру, табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру. |

Әдіскер: Туримбетова Г.К.

**МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ ЖОСПАРЫ ЖӘНЕ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ 2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**

**Білім беру ұйымы:** ЖШС "Бақжан" бөбекжай-бақшасы
**Тобы:** Балдәурен ортаңғы тобы
**Балалардың жасы:** 3 жастан бастап
***Жоспардың құрылу кезеңі:*** желтоқсан айы

| **Ұйымдастырылған іс әрекет** | **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері** |
|---|---|
| «Бірлік және ынтымақ айы» | |
| **Физикалық қасиеттерді дамыту**<br>Дене шынықтыру | **Негізгі қимылдар:**<br>Домалату, лақтыру, қағып алу. Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа лақтыру (2,5-5 м қашықтық), төменнен екі қолмен көлденең нысанаға, оң және сол қолмен (1,5–2 метр қашықтықтан) допты кеуде тұсынан лақтыру.<br>Жалпы дамытушы жаттығулар<br>Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар:<br>қолды жоғары, алға, жан-жаққа көтеру және түсіру (бірге немесе кезекпен);<br>заттарды бір қолынан екінші қолына салу, алдына, артқа апару, басынан жоғары көтеру;<br>қолдарын алдына немесе басынан жоғары, артқа апарып шапалақтау;<br>қолды алға, жан-жаққа созу, алақандарын жоғары карату, қолды көтеру, түсіру, саусақтарды қозғалту, қол саусақтарын жұму және ашу.<br>Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.<br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.<br>**«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»**<br>**-«Шертпек ойыны» .** Ойынның негізгі мақсаты бүлдіршіндерге асық ойынның пайдасын ойын арқылы меңгерту.<br>**Асық ату-** Асық құрылымымен таныстыру Бүлдіршіндерді мергендікке ,ептілікке, дәлдікке баулу.<br>**–«Бес асық» ойыны.** Шығу тарихы балдарға қарапайым мән мағынасын түсіндіру, ойынға барынша қызықтыру.<br>**–«Бес асық» ойыны.** Бүлдіршіндерді мергендікке ,ептілікке, дәлдікке баулу. |

| | |
|---|---|
| **Коммуникативтік дағдыларды дамыту**<br>Сөйлеуді дамыту | **«Өнегелі 15 минут»** Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту<br>**Сөздік қор.**<br>заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>зат есімдерді, етістіктерді келер және өткен шақта қолдану.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге үйрету |
| Көркем әдебиет | **«Ұшқыр ой алаңы» жобасы**<br>Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау. Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру. Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу. Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету.<br>Өлеңдерді тыңдай білуге тәрбиелеу. Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету. |
| Қазақ тілі | **«Апта дәйексөздері»** аптаның дәйексөздері. «Республикам – мақтанышым!» «Бірлігі күшті ел озады»<br>**Тілдік дамытушы орта.**<br>Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасауды:<br>сұрақтарға жауап беруге, өз бетінше кітаптарды қарауға баулу<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту<br>**Сөздік қор.**<br>Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді («бөпе», «аға», «апа», «іні», «қарындас») айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануға үйрету. Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар, кел,айт).<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту, балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру, алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу. |
| **Танымдық және зияткерлік дағдыларды** | **Сан.**<br>қоршаған ортадан бір немесе бірнешебірдей затты табу, «қанша? неше?» сұрағына жауап беруін қалыптастыру |

| | |
|---|---|
| **дамыту**<br>Математика негіздері | **Шама.**<br>Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру, заттардысалыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпышамасы бойынша) бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою тәсілдеріарқылы салыстыруды үйрету<br>**Геометриялық пішіндер**<br>Балаларды геометриялық фигура үшбұрышпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураны зерттеуге мүмкіндік беру.<br>**Кеңістікте бағдарлау**<br>Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатыстыкеңістік бағыттарын анықтауды: үстінде-астында меңгерту<br>**Уақытты бағдарлау.**<br>Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, таңертең-кешке. |
| **Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту;**<br>Сурет салу | Дөңгелек пішінді (шарлар, бұлттар, күн) заттарды бейнелеуді.<br>Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынған артық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызып жіберіп бояуды үйрету. Қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер менолардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдануды үйрету.<br>Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу. |
| Мүсіндеу | Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіру.<br>Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру.<br>Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу. |
| Жапсыру | Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдануды үйрету.<br>Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін (жырту, умаждау, бүктеу, қатпарлау) қолдануды үйрету. |
| Құрастыру | **«Smart bala» жобасы**<br>Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін:<br>цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету.<br>Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу. |
| Музыка | **Музыка тыңдау:**<br>Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (сылдырмақ, металафон, асатаяқ, тұяқ, сырнай) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру.<br>**Ән айту:**<br>Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айтуды, әнді бірге бастап, бірге аяқтау.<br>**Музыкалық- ырғақтық қимылдар:**<br>Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту; кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. |

| | |
|---|---|
| | **Музыкалық аспаптар:**<br>Қазақ халқының ұлттық аспабы Сыбызғы аспабы жайлы түсінік беру, Аспаптың әуенін тыңдату.<br>**№ 10 картотека**<br>**Музыкалық дидактикалық ойын: а,ә** «Сыбызғы» аспабы<br>**Мақсатты:** Қазақ халқының ұлтық аспабы Сыбызғы аспабы мен таныстырып, әуенін тыңдатып балаларға меңгерту.<br>**№ 11 картотека**<br>**Музыкалық дидактикалық ойын:**<br>**а, ә «Әуенді сағат» ойыны**<br>**Мақсаты:** Үйренген ән, әуендерді есте сақтап, бекіту үшін қолданылады.Әртүрлі көңіл күйдегі әуендерді кіріспесінен немесе үзіндісінен табуға машықтандыру. |
| **Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру**<br><br>Қоршаған ортамен таныстыру | ***Еңбегі адал жас өрен:*** *үй жануарлары мен үй өсімдіктеріне күтім жасау*<br>**Бала, оның отбасы, үйі.**<br>Ойында туындаған мәселелерді шешу тәсілдерін дамыту.<br>**Заттық әлем.**<br>Заттардың айырмашылықтары мен атауларын, олардың көлемін, түсін, пішінін қарастыру мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру, заттардың сапалары мен қасиеттерін: сипап сезу, дәмін көру, есту арқылы тануды қалыптастыру.<br>**Көлік, байланыс құралдары.**<br>Көлік құралдарының түрлерімен және ауада ұшатын қозғалыс құралдарымен таныстыру.<br>**Еңбекке баулу.**<br>Балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойынәрекетіне ынталандыру.<br>**Адамгершілік және патриоттық тәрбие.**<br>Әлеуметтік және эмоционалды зиятты тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр) аудару<br>**Менің Отаным – Қазақстан.**<br>Балаларды айналасындағы ересектердің жақсы көретінін, оған әрқашан қамқорлық танытатынын білдіре отырып, өзінің туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілік сезімін ояту.<br>**Өсімдіктер әлемі.**<br>Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру<br>**Жануарлар әлемі.**<br>Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту. Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру,табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру.<br>**Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.**<br>Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың қысқы мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеуді үйрету.<br>**Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау**<br>серуенде (жолға шықпау) ойын алаңында сумен, қармен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын |

| | |
|---|---|
| | қалыптастыру |

Әдіскер: Туримбетова Г.К.

**МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ ЖОСПАРЫ ЖӘНЕ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ 2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**

**Білім беру ұйымы:** ЖШС "Бақжан" бөбекжай-бақшасы
**Тобы:** Балдәурен ортаңғы тобы
**Балалардың жасы:** 3 жастағы балалар
***Жоспардың құрылу кезеңі:*** қаңтар айы

| **Ұйымдастырылған іс әрекет** | **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері** |
|---|---|
| | **«Заң және тәртіп!»** |
| **Физикалық қасиеттерді дамыту**<br>**Дене тәрбиесі** | Аяққа арналған жаттығулар:<br>аяқтың ұшына көтерілу, аяқты алға қарай қою, аяқты жан-жаққа, артқа қою;<br>қолдарды алға созып, жартылай отыру, тізені қолмен ұстап, басты төмен иіп, кезекпен тізені бүгіп, аяқты көтеру;<br>отырып құм салынған қапшықтарды аяқтың бақайларымен қысып ұстау, таяқтың, білікшенің (диаметрі 6-8 сантиметр) бойымен қосалқы қадаммен жүру.<br>Спорттық жаттығулар:<br>Шанамен сырғанау. Шанамен бір-бірін сырғанату; биік емес төбеден сырғанау;<br>Салауатты өмір салтын қалыптастыру.<br>Сезім мүшелері, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтуге болатыны туралы түсінік беру**.**<br>Денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту; ауырмауға, денсаулықты сақтауға ынталандыру, «салауатты өмір салты» және оны ұстану туралы алғашқы түсініктер беру.<br>**«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»**<br>**-Шертпек ойыны** Шерту әдісін үйрету ,қол бұлшық еттерін дамыту<br>**-Асық ату** Ойын арқылы балалардың қимыл іс - әрекетін дамыту.Балаларды ептілікке, мергендікке тәрбиелеу.<br>-**«Төрт құбылыс»** Есте сақтау қабілетін дамытуға арналған<br>- **« Аңшылар мен қояндар »**<br>Балаларды қоян болып секіруге, аңшыдан қорғануға үйрету. |
| **Коммуникативтік дағдыларды дамыту**<br>**Сөйлеуді дамыту** | **«Өнегелі 15 минут»** Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту<br>**Сөздік қор.** |

| | |
|---|---|
| | Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізіп қолдануды үйрету.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру, зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдануды меңгерту<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге үйрету. |
| **Көркем әдебиет** | **«Ұшқыр ой алаңы» жобасы**<br>Кітаптарға қызығушылықты ояту. Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың пікірлерін тыңдау. Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлерінежанашырлық танытуға тәрбиелеу. . Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету. |
| **Қазақ тілі** | **«Апта дәйексөздері»** аптаның дәйексөздері.<br>1-апта «Тәртіп жауапкершіліктің-бірінші қаруы!»<br>**2-апта «**Дүниеде достық заңынан асқан заң жоқ»<br>**3-**апта «Тәртіп-тәрбие бастауы»<br>**4-апта** «Әділ заң-аспан тірегі»<br>**Тілдік дамытушы орта.**<br>Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау:өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге, сәлемдесуде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға үйрету.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту<br>**Сөздік қор.**<br>Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын тұрмыстық заттардың, жемістердің, жануарлардың, төрт түліктің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануға үйрету. Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар, кел,айт).<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге баулу |
| **Танымдық және зияткерлік дағдыларды** | **Сан.**<br>«Көп», «бір» ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру |

| | |
|---|---|
| **дамыту**<br>**Математика негіздері** | қоршаған ортадан бір немесе бірнешебірдей затты табу, «қанша? неше?» сұрағына жауап беру.<br>**Шама.**<br>салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа, бірдей, тең, ені бойынша кең-тар сөздерімен белгілеу<br>**Геометриялық пішіндер**<br>Балаларды геометриялық фигура шаршымен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураны зерттеуге мүмкіндік беру.<br>**Кеңістікте бағдарлау**<br>Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатыстыкеңістік бағыттарын анықтауды пысықтау: алдында-артында<br>**Уақытты бағдарлау.**<br>Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлауды бекіту: күндіз-түнде, таңертең-кешке. |
| **Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту;**<br>**Құрастыру** | **«Smart bala» жобасы**<br>Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелер, кірпіштер, цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажырата білуге, атауға жәнеқолдануға үйрету, бұрын алынған дағдыларды: төсеу, бекіту, қою қолдана отырып, жаңа ғимараттар салу. |
| **Сурет салу** | Бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеуді.<br>бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түске салмас бұрын жақсылап суға шайып алып қолдануды, жуылған қылқаламды жұмсақ матамен немесе қағаз майлықпен сүртіп кептіруді үйрету. қазақ ою-өрнектерінің элементтерін салу; |
| **Мүсіндеу** | Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру.<br>Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу. |
| **Жапсыру** | Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алуды, жаймадағы дайын үлгіге жағуды, желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдануды жетілдіру.<br>Заттардың пішіні мен олардың түсі туралы білімді бекіту.<br>Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін (жырту, умаждау, бүктеу, қатпарлау) қолдануды үйрету. |
| **Музыка** | **Музыка тыңдау.**<br>Балалардың музыкаға деген қызығушылықтарын ояту, музыка тыңдауға, ән айтуға, қарапайым би қимылдарын орындауға баулу.<br>**Ән айту.**<br>Ән айтуға деген қызығушулық ояту,жекеленген сөздер мен буындарды айту педагогтың дауыс ырғағына сөздерінің созылыңқы дыбысталуына және ересекпен бірге қосылып ән айту.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар.**<br>Музыканың сүйимелдеуімен топпен және шеңбер бойынша қол ұстасып жүру  дағдыларын қалыптастыру. Қарапайым би |

| | |
|---|---|
| | қимылдарын үйрету, әртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын орындау.<br>**Музыкалық аспаптар:** Сылдырмақ,барабан,бубен аспабымен таныстыру және дыбыстарын тыңдату.<br>**№1 Әуенді ырғақты қимылды ойын:1-апта**<br>**«Бәріміз бірге»**<br>**Мақсаты:** Музыканы сезіне отырып, көңіл-күй сипатын сезіне білуге үйрету.Шеңбер бойымен жүру дағдысын қалыптастыру.<br>**№2 а, ә Музыкалық- дидактикалық ойын: 2-3 апта**<br>**« Зейінді ойыншықтар» Сылдырмақ, бубен, барабан**<br>**Мақсаты:** Балаларды музыкалық аспаптар мен таныстыру ойналу әдісін көрсету, музыкалық аспаптар әуенімен ырғақтық қимылдар жасау және аспаптардың дыбыстық үнін ажырата білуге үйрету.<br>**№3 а,ә Әуенді ырғақты қимылды ойын: 3-4 апта**<br>**«Кім қалай жүреді?»**<br>**Мақсаты:** Музыкаға деген қызығушылықты ояту, Музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын ойындарда көрсету. |
| **Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру**<br>Қоршаған ортамен таныстыру | *Еңбегі адал жас өрен: үй жануарлары мен үй өсімдіктеріне күтім жасау*<br>**Бала, оның отбасы, үйі.**<br>Балаларды отбасы бейнеленген фотосуреттерді қарауға үйрету<br>**Заттық әлем.**<br>Заттар, ойыншықтар,кітаптар және ыдыстарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.<br>**Көлік, байланыс құралдары.**<br>Жаяу жүргіншілерге арналған қарапайым ережелермен таныстыру<br>**Еңбекке баулу.**<br>Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, түрлі балалар әрекетіне қажетті материалдарды, құрал-жабдықтарды дайындауға, қолданып болған соң ойыншықтарды, кітаптарды, заттарды орнына жинауға баулу.<br>**Адамгершілік және патриоттық тәрбие.**<br>әлеуметтік және эмоционалды зиятты тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне ( қамқор, сезімтал және іскер) аудару<br>**Менің Отаным – Қазақстан.**<br>Балабақшада, үйде, көшеде тәртіп сақтауға баулу. Балаларды әдепті қарым-қатынасқа үйретуді жалғастыру (амандасуға, қоштасуға, көмек көрсеткені үшін алғыс айтуға үйрету). Балабақшаның үй-жайлары мен ауласында тәртіп пен тазалық сақтауға үйрету.<br>**Өсімдіктер әлемі.**<br>бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атауын қалыптастыру<br>**Жануарлар әлемі.**<br>Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту. Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру, |

| | |
|---|---|
| | табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру.<br>**Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.**<br>Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың қысқы мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеуді меңгерту.<br>**Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау**<br>серуенде (жолға шықпау) ойын алаңында сумен, қармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру |

Әдіскер: Туримбетова Г.К.

# МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ ЖОСПАРЫ ЖӘНЕ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ 2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ

**Білім беру ұйымы:** ЖШС "Бақжан" бөбекжай-бақшасы
**Тобы:** Балдәурен ортаңғы тобы
**Балалардың жасы:** 3 жастағы балалар
**Жоспардың құрылу кезеңі:** ақпан айы, 2024-2025 оқу жылы

| **Ұйымдастырылған іс әрекет** | **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері** |
|---|---|
| | **«Жасампаздық және жаңашылдық» айы** |
| **Физикалық қасиеттерді дамыту**<br><br>Дене тәрбиесі | Дербес қимыл белсенділігі<br>Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту. Арбалар, автомобильдер, велосипедтер, доптар, шарлармен өзбетінше ойнауға ынталандыру. Өрмелеу, еңбектеу дағдыларын, ептілікті, жылдамдықты дамыту, қимылдарды мәнерлі орындауға баулу.<br>Салауатты өмір салтын қалыптастыру.<br>Адамның денсаулығына пайдалы (көгөністер, жемістер, сүт өнімдері және т.б.) және зиянды тағамдар (тәттілер, бәліштер, тәтті газдалған сусындар және т. б.) туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру.<br>Дене белсенділігі (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының пайдасы туралы түсінік қалыптастыру.<br>**«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»**<br>-**«Шертпек ойыны» .** Ойынның негізгі мақсаты бүлдіршіндерге асық ойынның пайдасын ойын арқылы меңгерту.<br>**Асық ату-** Асық құрылымымен таныстыру Бүлдіршіндерді мергендікке ,ептілікке, дәлдікке баулу.<br>–**«Бес асық» ойыны.** Шығу тарихы балдарға қарапайым мән мағынасын түсіндіру, ойынға барынша қызықтыру.<br>–**«Бес асық» ойыны.** Бүлдіршіндерді мергендікке ,ептілікке, дәлдікке баулу. |
| **Коммуникативтік дағдыларды дамыту** | **«Өнегелі 15 минут»** Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: |

| | |
|---|---|
| Сөйлеуді дамыту | баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту.<br>**Сөздік қор.**<br>жұмбақ шешкізу, жаңылтпаш, санамақ айтқызу, сөздік қорларын жаңа сөздермен<br>байыту.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>зат есімдерді жекеше, көпше түрде қолдану<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану, Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану, таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту. |
| Көркем әдебиет | **«Ұшқыр ой алаңы» жобасы**<br>Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау<br>Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру. Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу. Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету. |
| Қазақ тілі | **«Апта дәйексөздері»** аптаның дәйексөздері.<br>1-апта «Жасампаздық-бәрімізге өнеге!»<br>**2-апта** «Шығармашылық бала-ойлы бала»<br>**3-**апта «Өнерлі бала өрге жүзер»<br>**4-апта** «Жаңашылдық- заман талабы»<br>**Тілдік дамытушы орта.**<br>өз бетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту.<br>**Сөздік қор.**<br>Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру, |
| **Танымдық және зияткерлік** | **Сан.**<br>заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру, |

| | |
|---|---|
| **дағдыларды дамыту**<br><br>Математика негіздері | **Шама.**<br>Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру<br>**Геометриялық пішіндер**<br>ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру.<br>**Уақытты бағдарлау.**<br>Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлауды бекіту: күндіз-түнде, таңертең-кешке. |
| **Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту;**<br><br>Құрастыру | **«Smart bala» жобасы**<br>Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне<br>қарап зерттеуге және кірпіштерді, тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып,<br>бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өз бетінше құрастыруға<br>мүмкіндік беру, |
| Сурет салу | Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынған<br>артық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызып<br>жіберіп бояуды. Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету, тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдану. |
| Мүсіндеу | кейбір заттарды, азықтүлік тағамдарын мүсіндеуге үйрету.<br>Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу. Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен (білезік, жүзік, балдақ, сырға, тұмар) таныстыру. |
| Жапсыру | Қағаз бетінде көлемі,түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыру. Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін (жырту, умаждау, бүктеу, қатпарлау) қолдану. Балаларды ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру және жапсыру арқылы ұжымдық композиция құрастыруға баулу. |
| Музыка | **Музыка тыңдау:**<br>**Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру**.<br>**Ән айту:**<br>Аспаптың сүйемелдеуіне ілесе отырып ән айту.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар.**<br>Музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес ырғақтық қимылдар жасау.<br>**№16 картотека**<br>**Музыкалық дидактикалық ойын:**<br>**а «Соқыр теке»**<br>**Мақсаты**: Ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу барысында ұлттық ойындарды балаларға үйрету. |

| | |
|---|---|
| | **№17 картотека**<br>**Музыкалық дидактикалық ойын:**<br>**ә «Соқыр теке»**<br>**Мақсаты:** Аспаптарда ойнау дағдыларын балаларға меңгерту.<br>**№18 картотека**<br>**Әуенді ырғақтық қимылы ойын: «Жұптасу»**<br>**Мақсаты:** Балаларды әуенді тыңдату арқылы жұппен әуенге ырғақты қимылдар жасату.<br>**№19 картотека. «Тыңдап таны»**<br>**Мақсаты:** Өтілген әнді қайталау,балалардың есіту, есте сақтау қабілеттерін бақылау. |
| **Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру**<br><br>Қоршаған ортамен таныстыру | ***Еңбегі адал жас өрен: адал жас өрен:*** *үй жануарлары мен үй өсімдіктеріне күтім жасау*<br>Жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру<br>**Заттық әлем.**<br>Әртүрлі заттардың<br>атауларын сөйлегенде белсенді қолдану,<br>**Еңбекке баулу.**<br>. Балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойын<br>әрекетіне ынталандыру.<br>**Адамгершілік және патриоттық тәрбие.**<br>Балаларда «дұрыс» немесе «дұрыс емес», туралы қарапайым түсініктерді дамыту<br>**Жануарлар әлемі.**<br>Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту. Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру,<br>табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру.<br>**Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.**<br>Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың қысқы мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеуді меңгерту.<br>**Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау**<br>серуенде (жолға шықпау) ойын алаңында сумен, қармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру |

**Әдіскер:** Туримбетова Г.К.

**МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ ЖОСПАРЫ ЖӘНЕ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ 2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**

**Білім беру ұйымы:** ЖШС "Бақжан" бөбекжай-бақшасы
**Тобы:** Балдәурен ортаңғы тобы
**Балалардың жасы:** 3 жастағы балалар
**Жоспардың құрылу кезеңі:** наурыз айы, 2024-2025 оқу жылы

| **Ұйымдастырылған іс әрекет** | **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері** |
|---|---|
| | **Заң және тәртіп айы** |
| **Физикалық қасиеттерді дамыту**<br><br>Дене тәрбиесі | Спорттық жаттығулар:<br>Велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, оңға және солға бұрылып тебу;<br>Жалпы дамытушы жаттығулар<br>Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар:<br>қолды жоғары, алға, жан-жаққа көтеру және түсіру (бірге немесе кезекпен);<br>заттарды бір қолынан екінші қолына салу, алдына, артқа апару, басынан жоғары көтеру;<br>қолдарын алдына немесе басынан жоғары, артқа апарып шапалақтау;<br>қолды алға, жан-жаққа созу, алақандарын жоғары қарату, қолды көтеру, түсіру, саусақтарды қозғалту, қол саусақтарын жұму және ашу.<br>Салауатты өмір салтын қалыптастыру.<br>Дене мүшелері мен ағза жүйесін нығайтатын жаттығулармен таныстыру.<br>**«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»**<br><br>1. Бәйге **Қозғалыс белсенділігін дамыту** – балалардың жүгіру, секіру, тепе-теңдікті сақтау қабілеттерін жетілдіру.<br>2. **Шапшаңдық пенептілікті арттыру** – балаларды жылдамдыққа, тез әрекет етуге дағдыландыру.<br>3. **Топтық жұмысқа үйрету** – достық қарым-қатынасты нығайту, жарыс арқылы өзара қолдау көрсету.<br>4. **Ұлттық дәстүрді насихаттау** – қазақтың бәйге жарысы туралы түсінік беру, ұлттық ойындарға деген қызығушылықты ояту.<br>5. **Көңілді орта қалыптастыру** – ойын арқылы балалардың эмоционалды көңіл-күйін көтеру.<br><br>**Көкпар**– балалардың ептілігін, жылдамдығын және күшін дамыту. |

| | |
|---|---|
| **Коммуникативтік дағдыларды дамыту**<br><br>Сөйлеуді дамыту | **«Өнегелі 15 минут»**<br>«Еңбегі адал жас өрен» жобасы «**Еңбектің наны тәтті»**<br>«Наурыз – жыл басы!»<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту:<br>баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту.<br>**Сөздік қор.**<br>Балаларға тұсау кесу дәстүрімен таныстыру арқылы олардың алғашқы қадамы ересектерді қуанышқа бөлейтінін жеткізу және оларды ересектердің жақсы көретінін білдіру, дәстүрге байланысты балалармен ән айту, би билету, жұмбақ шешкізу, жаңылтпаш, санамақ айтқызу, сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларындұрыс қолдану, |
| Көркем әдебиет | **«Ұшқыр ой алаңы» жобасы**<br>Кітаптарға қызығушылықты ояту.<br>Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу.<br>Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету. |
| Қазақ тілі | **«Апта дәйексөздері»** аптаның дәйексөздері<br>**1 апта- «**Патриотизм-ата-анаңды құрметтей білуің»<br>**2 апта- «**Тәуелсіздік- тәтті сөз ғана емес, ұлттық жауапкершілік»<br>**3 апта-** «Ар-намыс қана тәуелсіздікке тірек бола алады»<br>**4 апта- «**Патриотизмі жоқ халық жаны жоқ тәнімен тең»<br>**Тілдік дамытушы орта.**<br>өз бетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен<br>қалауын білдіруге, құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту<br>**Сөздік қор.**<br>Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен<br>табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>алдын ала үйретілген сөйлеу<br>үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен<br>сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу. |

| | |
|---|---|
| **Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту**<br><br>Математика негіздері | **Шама.**<br>Екі затты өлшемі бойынша (ұзын-қысқа, биік-аласа, артық-кем) салыстыру. Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру, заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша) бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою тәсілдері арқылы салыстыру, салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа сөздерімен белгілеу.<br>**Кеңістікті бағдарлау**. Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: үстінде-астында, алдында-артында, оң-сол. |
| **Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту;**<br>Құрастыру | **«Smart bala» жобасы**<br>Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын-ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындау, өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып, дайын болған құрылыспен бірге ойнату. Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы<br>ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу. |
| Сурет салу | Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу. Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынған<br>артық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызып<br>жіберіп бояуды,<br>Құмға таяқшалармен, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру.<br>Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу |
| Мүсіндеу | Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен (білезік, жүзік, балдақ, сырға, тұмар және т.б.) таныстыру. Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіру.<br>Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру. |
| Жапсыру | Қазақ халқының ұлттық ыдыс-аяқтарымен, тұрмыстық заттарымен таныстыру. Ұнаған дайын заттардың пішіндерін қазақ оюларының қарапайым элементтерімен безендіру. Геометриялық фигуралардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы киіз, кілем, көрпе, алашаорамал жасау.Заттардың пішіні мен олардың түсі туралы білімді бекіту. |
| Музыка | **Музыка тыңдау:**<br>Әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру арқылы, әннің мазмұнын түсіну.<br>**Ән айту:**<br>**Ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту.**<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар.**<br>Музыкаға жұппен ырғақты қимылдар орындау.<br>**№ 20 Әуенді ырғақтық қимыл.**<br>**«Екпін түрлері» ойын. 1-апта**<br>**Мақсаты:** Әуенді тыңдау арқылы балаларға ырғақтық би қимылдарын жасауды үйрету.<br>**№ 21 Музыканы тыңдау-қабылдау.** |

| | |
|---|---|
| | **«Анашым» әні. 2-апта**<br>**Мақсаты:Әнді әуені мен бірге орындауды әннің мәтінін дұрыс айтуды үйрету. Мерекелік көңілді әнді балаларға тыңдатып үйрету.**<br>**№ 22 Әуенді ырғақтық қимыл:**<br>**«Келіншек» күй. 3-апта**<br>**Мақсаты:** Балалар бойына ұлтық құндылықтарымызды дәріптеу барысында балаларға күй тыңдату арқылы ырғақтық қимылдар жасатып үйрету.<br>**№ 23 Әуенді –ырғақты қимылдар.**<br>**Ән: « Кел балалар шырқайық» 4-апта**<br>**Мақсаты:** Мерекелік ән жайында түсінік беру,әнді әуені мен бірге орындау. |
| **Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру**<br><br>Қоршаған ортамен таныстыру | ***Еңбегі адал жас өрен: адал жас өрен:*** *үй жануарлары мен үй өсімдіктеріне күтім жасау*<br>Жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру<br>**Заттық әлем**- Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру.<br>**Менің Отаным – Қазақстан** -Қазақ халқының дәстүрлі киіз үйімен таныстыру. Балаларды айналасындағы ересектердің жақсы көретінін, оған әрқашан қамқорлық танытатынын білдіре отырып, өзінің туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілік сезімін ояту.<br>**Еңбекке баулу**: Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау. Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, түрлі балалар әрекетіне қажетті материалдарды, құрал-жабдықтарды дайындауға, қолданып болған соң ойыншықтарды, кітаптарды, заттарды орнына жинауға баулу<br>**Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.**<br>Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың қысқы, көктемгі, жазғы және күзгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу. , қоқыс қалдырмау, қоқысты жинау, бұтақтарды сындырмау), топта (терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау)<br>**Өсімдіктер әлемі-** Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Ағаштардың, дала гүлдерінің, кейбір көгөністер мен жемістердің, бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау, өсімдік бөліктерін тану.<br>**Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау**<br>серуенде (жолға шықпау) ойын алаңында сумен, қармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру |

**Әдіскер**: Туримбетова Г.К.

**МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ ЖОСПАРЫ ЖӘНЕ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ 2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**

**Білім беру ұйымы:** ЖШС "Бақжан" бөбекжай-бақшасы
**Тобы:** Балдәурен ортаңғы тобы
**Балалардың жасы:** 3 жастағы балалар
**Жоспардың құрылу кезеңі:** сәуір айы, 2024-2025 оқу жылы

| **Ұйымдастырылған іс әрекет** | **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері** |
|---|---|
| | **«Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы»** |
| **Физикалық қасиеттерді дамыту**<br>Дене тәрбиесі | **Спорттық жаттығулар:**<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>Көзбен бағдарлай отырып, ауызша нұсқаулармен ойын түріндегі жаттығуларды (жануарлардың қозғалысына еліктеу) педагогпен бірге орындауға үйрету.<br>Жүру. Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы еркін жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру: сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі, тізені жоғары көтеріп жүру, аралықты сақтай отырып, бағытты өзгертіп қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіру, шеңбер бойлап, қол ұстасып, арқаннан ұстап, тоқтай қалып, жүрелеп, бұрылып, "жыланша", заттарды айналып өтіп, төбешікке шығып және төбешіктен түсіп саппен жүру;<br>Шынықтыру шараларын жүргізу. Тыныс алу жаттығуларын жүргізу.<br>Жануарлардың қимылдарына еліктеп, дене жаттығуларын орындау;<br>**«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»**<br>-**«Күш сынаспақ»** Қазақтың әдет-ғұрпымен таныстыру. Дәстүрлік таным түйсігін дамыту.<br>-**«Ақ серек көк серек»** Балаларды «ақ серек, көк серек» ойынымен таныстыру. Ойын ойнатып, қимыл-қозғалыстарын, дене бітімін қалыптастыру. Ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>-**«Арқан тарту» ойыны.** Балаларды ұйымшылдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>«Жарысқа шық, жанұя» (ата-аналардың арасында)<br>-**«Орамал тастамақ» ойыны .** Балалардың сезіну қабілеттерін, байқампаздығын дамыту.<br>**Еңбегі адал жас өрен,** өзіне өзі қызмет көрсету. |
| **Коммуникативтік** | **«Өнегелі 15 минут»** Қарым-қатынас мәдениетіне, көркем қабылдау мен эстетикалық талғамға тәрбиелеу.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** |

| | |
|---|---|
| **дағдыларды дамыту**<br><br>Сөйлеуді дамыту | Сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту.<br>**Сөздік қор.**<br>Балалармен ән айту, би билету, жұмбақ шешкізу, жаңылтпаш, санамақ айтқызу, сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және өткен шақта қолдануды меңгеру.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану, ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беру. |
| Көркем әдебиет | **«Ұшқыр ой алаңы» жобасы**<br>Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу. Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету. |
| Қазақ тілі | **«Апта дәйексөздері»** аптаның дәйексөздері.<br>**1-апта** «Еңбек- қуаныш, жалқаулық- айырылмас азап»<br>**2-апта «**Көп еңбек еткенге бақыт басын иеді»<br>**3-апта** «Болашағы зор мамандықтар жоқ, тек болашағы зор мамандар бар»<br>**4-апта** «Білікті білім жинап кәсіп етер, білімнің дәмін татып өсіп өнер»<br>**Тілдік дамытушы орта.**<br>Сұрақтарға жауап беруге, өз бетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге, сәлемдесуде, өтінішін, ырзашылығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға, құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту.<br>**Сөздік қор.**<br>Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын,(алма, алмұрт, өрік, қараөрік, шабдалы) жемістердің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға, зат есім және сын есім, зат есім және етістік үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу.<br>Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау. |
| **Танымдық және зияткерлік дағдыларды** | **Сан.**<br>Заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру, |

| | |
|---|---|
| **дамыту**<br>Математика негіздері | "Тең бе?", "Қайсысы артық (кем)?" сауалдарына жауап беру.<br>**Шама.**<br>Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру.<br>**Геометриялық пішіндер**<br>Балаларды геометриялық фигура шаршымен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураны зерттеуге мүмкіндік беру.<br>**Кеңістікте бағдарлау**<br>Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатыстыкеңістік бағыттарын анықтауды пысықтау: алдында-артында.<br>**Уақытты бағдарлау.**<br>Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, таңертең-кешке. |
| **Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту:**<br>Құрастыру | **«Smart bala» жобасы**<br>Ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан, үлгі бойынша, ойдан құрастыру. Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу. |
| Сурет салу | Құмға таяқшалармен, асфальтқа бормен, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру. Сурет салу кезінде борды, қатты қыспай, дұрыс ұстауды үйрету. |
| Мүсіндеу | Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу. |
| Жапсыру | Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін, жырту, умаждау, бүктеу, қатпарлау қолдану. |
| Музыка | **Музыка тыңдау:**<br>Әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету.<br>**Ән айту:** Әнді бірге бастап,бірге аяқтау.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар.**<br>Қазақ халқының би өнерімен таныстыру. Музыкалық сүйжелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау.<br>**Музыкалық аспаптарда ойнау.**<br>Металафон аспабымен ырғақпен қағып ойнату.<br>**№ 24 Музыканы тыңдау-қабылдау.** |

| | |
|---|---|
| | **«Торғайлар, Келіңдер» әні. 1-апта**<br>**Мақсаты:** Балаларды табиғаты аялауды, түсіндіру құстар жайында балаларға ән орындап үйрету.<br>**№ 25 Музыкалық дидиктикалық ойын:**<br>**«Музыкалық үй» ойыны. 2-апта**<br>**Мақсаты**: Музыканың түрлерін ажырату, қабілетін арттыру.<br>**№ 26 «Металлафон» аспабы ырғақпен қағу. 3-апта**<br>**Мақсаты:** Аспапты қағып ойнаудың қарапай дағдыларын үйрету.<br>**№ 27 «Қара жорға» би 4-апта**<br>**Мақсаты**: Музыкалық сүймелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау.<br>Балалардың музыкаға деген қызығушылықтарын ояту, музыка тыңдауға, ән айтуға, қарапайым би қимылдарын орындауға баулу. |
| **Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру**<br><br>Қоршаған ортамен таныстыру | *Еңбегі адал жас өрен: үй жануарлары мен үй өсімдіктеріне күтім жасау*<br>**Бала, оның отбасы, үйі.**<br>Балабақша және балабақша қызметкерлері туралы танытуға уйрету.<br>**Заттық әлем.**<br>Заттар, ойыншықтар, кітаптар және ыдыстарға ұқыптылықпен карауға тәрбиелеу.<br>**Көлік, байланыс құралдары.**<br>Жаяу жүргіншілерге арналған қарапайым ережелермен таныстыру.<br>**Еңбекке баулу.**<br>Өзінің, құрдастарының шығармашылық жұмыстарының нәтижелеріне, суреттеріне, бұйымдарға құрметпен қарауға, оларға ұқыптылықпен қарауға баулу.<br>**Адамгершілік және патриоттық тәрбие.**<br>Жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру.<br>**Менің Отаным – Қазақстан.**<br>Балаларды айналасындағы ересектердің жақсы көретінін, оған әрқашан қамқорлық танытатынын білдіре отырып, өзінің туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілік сезімін ояту.<br>**Өсімдіктер әлемі.**<br>Дала гүлдерінің, бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау, өсімдік бөліктерін тану.<br>**Жануарлар әлемі.**<br>Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту. Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру, табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру.<br>**Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.** Ауа-райының жағдайын анықтау суық, жылы, ыстық, табиғат құбылыстарын бақылау, маусымдық, бақылау күнтізбесінде жылдың қысқы мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеуді меңгерту.<br>**Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау.**<br>Серуенде жолға шықпау ойын алаңында сумен, қармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру. |

| | |
|---|---|
| | |

Әдіскер: Туримбетова Г.К.

# МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ ЖОСПАРЫ ЖӘНЕ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ 2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ

**Білім беру ұйымы:** ЖШС "Бақжан" бөбекжай-бақшасы
**Тобы:** Балдәурен ортаңғы тобы
**Балалардың жасы:** 3 жастағы балалар
***Жоспардың құрылу кезеңі:*** мамыр айы, 2024-2025 оқу жылы

| **Ұйымдастырылған іс әрекет** | **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері** |
|---|---|
| **Физикалық қасиеттерді дамыту**<br><br>**Дене тәрбиесі** | **Негізгі қимылдар:**<br>Жүгіру. Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, сапта бір-бірден, алаңның бір жағынан екінші жағына, әр түрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру; белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы: тоқтап жүгіру, белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіру; қарқынды өзгертіп, жылдам (10-20 метрге дейін), тоқтамай баяу қарқынмен (50-60 секунд ішінде) жүгіру.<br>**Ырғақтық жаттығулар.** Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау.<br>Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.<br>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.<br>Сауықтыру-шынықтыру шаралары.<br>Балаларды үй-жайда жеңіл киіммен жүруге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету.<br>Серуенде қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру.<br>**«Ұлттық ойын ұлт қазынасы»**<br>**«Тақия тастамақ»** Балаларды жылдамдыққа, тапқырлыққа, шапшандық қасиеттерін дамыту.<br>**«Ақшамшық» (сақина са-лу**) Баланың зейінін тапқырлығын дамыту.<br>**«Теңге алу»** Балаларды ұлттық ойын арқылы татулыққа, адамгершілікке баулу.<br>**«Тышқан мен мысық»** Балаларды жылдамдыққа, шапшаңдыққа аңғарпаздыққа баулу. |
| **Коммуникативтік** | **«Өнегелі 15 минут»** Қарым-қатынас мәдениетіне, көркем қабылдау мен эстетикалық талғамға тәрбиелеу.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** |

| | |
|---|---|
| **дағдыларды**<br><br>**дамыту**<br><br>**Сөйлеуді дамыту** | Сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту.<br>**Сөздік қор.**<br>Балалармен ән айту, би билету, жұмбақ шешкізу, сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану, таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту. |
| **Көркем әдебиет** | **«Ұшқыр ой алаңы» жобасы**<br>Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді,  жатқа айтуға үйрету. |
| **Қазақ тілі** | **«Апта дәйексөздері»** аптаның дәйексөздері.<br>**1-апта** «Күннің көзі ортақ, жақсының сөзі ортақ»<br>**2-апта** «Бірлік жоқ болса ұйым жоқ, ұйым жоқ болса күнің жоқ»<br>**3-апта** «Жалғанда ойлап тұрсаң бірлік керек, бірлікті ойлау үшін тірлік керек» (Төле би)<br>**4-апта**  «Тату елге тыныштық пен тоқшылық нәсіп» (Күлтегін)<br>**Тілдік дамытушы орта.**<br>Балалардың өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге сәлемдесуде, өтінішін, ырзашылығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға баулу.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту.<br>**Сөздік қор.**<br>Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға, зат есім және сын есім, зат есім және етістік үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу. |
| **Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту**<br><br>**Математика негіздері** | **Сан.**<br>Заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру, "Тең бе?", "Қайсысы артық (кем)?" сауалдарына жауап беру<br>**Шама.**<br>Шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеу.<br>**Геометриялық пішіндер** |

| | |
|---|---|
| | Балаларды көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру.<br>**Кеңістікте бағдарлау**<br>Өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: үстінде-астында, алдында-артында, оң-сол.<br>**Уақытты бағдарлау.**<br>Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, таңертең-кешке. |
| **Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту: Құрастыру** | **«Smart bala» жобасы**<br>Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін қолдану, ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан, үлгі бойынша, ойдан құрастыру. |
| **Сурет салу** | Құмға таяқшалармен, асфальтқа бормен, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру. Сурет салу кезінде борды, қатты қыспай, дұрыс ұстауды үйрету. |
| **Мүсіндеу** | Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру.<br>Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу. |
| **Жапсыру** | Балаларды ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру және жапсыру арқылы ұжымдық композиция құрастыруға баулу. |
| **Музыка** | **Тақырыбы: «Білімім-Отаныма!»**<br>**Музыка тыңдау:**<br>Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра бөлуді қалыптастыру.<br>**Ән айту:**<br>Әнді аспаптың сүймелдеуіне ілесе ән айту.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар.**<br>Ойындарда таныс би қимылдарын қайталау.<br>**Музыкалық аспаптарда ойнау.**<br>Балаларға арналған музыкалық аспаптарда ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.<br>**№ 28 Музыкалық ырғақтық қимыл.**<br>**«Көңілді оркестр» 1-апта**<br>**Мақсаты:** Балаларды аспаппен әуенді сүймелдеуге үйрету. Шығармашылық қабілетін дамыту.<br>**№ 29 Ырғақтық қимыл: «Бипыл» би 2-апта**<br>**Мақсаты:** Ұлттық биді балаларға билеп орындап үйрету.<br>**№ 30 Музыкалық дидактикалық ойын.** |

| | |
|---|---|
| | **«Әлди-әлди» 3-апта**<br>**Мақсаты:** Ән орындау арқылы ырғақтық қимылдар жасату.<br>**№ 31 Музыкалық дидактикалық ойын:**<br>**«Әуенді сағат» ойыны 4-апта**<br>**Мақсаты:** Үйренген ән, әуендерді есте сақтап, бекіту үшін қолданылады.Әртүрлі көңіл күйдегі әуендерді кіріспесінен немесе үзіндісінен табуға машықтандыру. |
| **Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру**<br>**Қоршаған ортамен таныстыру** | **Еңбегі адал жас өрен:** Үй өсімдіктеріне күтім жасау<br>**Бала, оның отбасы, үйі.**<br>Отбасылық қарым-қатынас туралы әңгімелеп беруге, жақындарына қамқорлық танытуға баулу.<br>**Заттық әлем.**<br>Әртүрлі заттардың атауларын сөйлегенде белсенді қолдану, заттардың атқаратын қызметтерін түсіну, заттардың тобын білдіретін түсініктерді меңгеру.<br>**Көлік, байланыс құралдары.**<br>Жаяу жүргіншілерге арналған қарапайым ережелермен таныстыру.<br>**Еңбекке баулу.**<br>Өзінің, құрдастарының шығармашылық жұмыстарының нәтижелеріне, суреттеріне, бұйымдарға құрметпен карауға, оларға ұқыптылықпен карауға баулу. **Адамгершілік және патриоттық тәрбие.** Балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал және іскер, еңбекқор, ұқыпты) аудару, жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру. **Менің Отаным – Қазақстан.** Балаларды өзінің туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілік сезімін ояту.<br>**Өсімдіктер әлемі.**<br>Бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау, өсімдік бөліктерін тану.<br>**Жануарлар әлемі.**<br>Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту.<br>**Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.**<br>Ауа-райының жағдайын анықтау суық, жылы, ыстық, табиғат құбылыстарын бақылау.<br>**Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау.**<br>Серуенде жолға шықпау ойын алаңында сумен ойнамау, жануарларға тиіспеу, қоқыс қалдырмау, қоқысты жинау, бұтақтарды сындырмау қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру. |

Әдіскер: Туримбетова Г.К.